

**«City Transportation Systems» ЖШС
Басқармасының
2022 жылғы « » шешімімен
бекітілді**

**«CITY TRANSPORTATION SYSTEMS» ЖШС-ДАҒЫ СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЯСАТЫ**

Нұр-Сұлтан, 2022 жыл

1 . Жалпы ережелер

1.1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты сыбайлас жемқорлық сипатындағы ықтимал іс-қимылдардың алдын алуға, сыбайлас жемқорлықтан бас тарту ахуалын қалыптастыруға бағытталған.

1.2. Осы Саясаттың негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлықтан бас тартатын және өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде адалдық пен тұрақтылық қағидаттарын қамтамасыз ететін Серіктестік жұмыскерлерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

2. Терминдер мен анықтамалар

Серіктестік жұмыскері – Серіктестікпен еңбек қатынастарында және ақылы қызмет көрсету шарты бойынша тұратын кез келген жеке тұлға.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – Серіктестік жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі, оның ішінде сыбайлас жемқорлық сипатындағы іс-әрекеттер жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және кейіннен жою жөніндегі (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу) өз өкілеттіктері шегіндегі қызметі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесін құруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған қызмет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар – Серіктестік қызметі үшін белгіленген сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – Серіктестіктің тиісті құрылымдық бөлімшесінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді анықтау және зерделеу жөніндегі қызметі.

Мүдделер қақтығысы – Серіктестік жұмыскерлерінің жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – Серіктестіктің тиісті құрылымдық бөлімшесінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы міндеттер

3.1. Саясатта келесі міндеттерді шешу қарастырылады:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында бірыңғай саясат жүргізу;
- Серіктестіктің лауазымды адамдары мен жұмыскерлерінің кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділік түсінігін қалыптастыру;
- Серіктестіктің лауазымды адамдары мен жұмыскерлерін, сондай-ақ үшінші тұлғаларды сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту тәуекелін азайту;
- осы Саясатқа 1-қосымшаға сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және

оған қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің салдарын азайтуға және жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу және енгізу;

- Серіктестік жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ Серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарын қатаң сақтауға тәрбиелеу;

- Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарында сыбайлас жемқорлық факторларының болуына жол бермеу;

- жұмыстарды орындау және қызмет көрсету кезінде ашықтықты, адал бәсекелестікті және объективтілікті қамтамасыз ету.

3.2. Саясатта атқаратын лауазымына, атқаратын функциялары мен жұмыс мерзіміне қарамастан, Серіктестік жұмыскерлеріне және өтеулі қызмет көрсету шарты бойынша жұмыс істейтін жұмыскерлерге қолданылатын жалпыға міндетті нормалар мен ережелер қамтылады.

4. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар

Серіктестік қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындауы мүмкін бағыттары:

1) сыйлықтар және өкілдікті шығыстар;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде үшінші тұлғаларды тарту;

3) жұмыскерлерге және мемлекеттік қызметшілерге теңестірілген адамдарға төлемдер;

4) демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету;

5) Серіктестік қызметі шеңберінде мәмілелер жасау, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүргізу;

6) персоналды басқару;

7) ішкі құжаттардың қаржылық және заңдық сараптамасы.

4.1. Сыйлықтар және өкілдікті шығыстар

4.1.1. Серіктестік іскерлік сыйлықтармен алмасуды және өкілдікті, оның ішінде іскерлік қонақжайлылық шығыстарын жүзеге асыруды бизнесті жүргізудің қажетті бөлігі және жалпы қабылданған іскерлік практика деп таниды. Серіктестік іскерлік сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық шығыстарына қатысты адалдық пен ашықтық ахуалын көтермелейді.

4.1.2. Серіктестік жұмыскерлеріне төменде көрсетілген жағдайларда кез келген сыйлықтарды/іскерлік қонақжайлылық белгілерін/өкілдікті шығыстарды ұсынуға, уәде беруге, сыйлауға, беруге, талап етуге, сұрауға, қабылдауға тыйым салынады:

- егер бұл әрекеттерсіз қолайлы салдардың басталуы іске асырылмайтындай болып көрінсе, Серіктестіктің қызметін сақтауға, кеңейтуге немесе оңтайландыруға немесе қандай да бір артықшылық немесе пайда алуға әсер ететін шешімдер қабылдауға іріктеп әсер етудің тікелей немесе жанама мақсаты бар болса;

- Серіктестік атынан емес, жұмыскердің атынан берілсе;

- сыйлықтар немесе өкілдікті шығыстар немесе қонақжайлылық туралы ақпарат ашылған жағдайда Серіктестік пен оның жұмыскерлері үшін беделдік немесе өзге де

тәуекел туғызса;

- қолма-қол ақша немесе қолма-қол ақшасыз ақша қаражаты, бағалы қағаздар, бағалы металдар болып табылса немесе ақша қаражатының және/немесе сәнді заттардың өзге де түрлерін немесе баламаларын білдірсе;

- тақырып, құн және нақты жағдай тұрғысынан ақылға қонымды болмаса.

4.1.3. Серіктестік жүзеге асыратын сатып алудың кез келген әлеуетті қатысушысынан сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін қабылдауға тыйым салынады. Іскерлік сыйлыққа немесе іс-шараға осы Саясаттың талаптарына сәйкес күмән туындаған кезде Серіктестік жұмыскері тікелей басшымен, жетекшілік ететін Серіктестік басшысымен және/немесе қауіпсіздік бөлімшесінің басшысымен кеңесуі қажет.

4.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде үшінші тұлғаларды тарту

4.2.1. Серіктестік үшінші тұлғаларды тартудан және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының қағидаттары мен талаптарын, осы Саясатты бұзатын немесе Серіктестік үшін іскерлік беделін жоғалту қаупін тудыратын әріптестермен бірлескен кәсіпорындарға қатысудан қалыс қалады.

4.2.2. Үшінші тұлғалармен іскерлік ынтымақтастықты бастау немесе жалғастыру немесе бірлескен жобаларға қатысу туралы шешім қабылдағанға дейін Серіктестіктің үшінші тұлғаларды тартуға бастамашы болған тиісті құрылымдық бөлімшелері:

а) Серіктестік қызметінің бағыттарын регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарда белгіленген рәсімдерді қатаң сақтау;

б) келесі рәсімдерді жүргізу арқылы бірлескен жобалар бойынша әріптестер туралы қызметте сыбайлас жемқорлықтың ықтимал көріністері туралы жалпыға қолжетімді ақпарат жинауды жүзеге асыру;

в) өзінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдерінің болуы туралы мәліметтер алу, серіктестің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзара ынтымақтастықты жүзеге асыруға дайындығы;

г) іскерлік беделдікті және мүдделер қақтығысының болмауын тексеру;

д) жалған кәсіпкерлік, сенімділік, салықтық және өзге де берешектің болуы тұрғысынан мәліметтер алу бойынша шаралар қабылдауы тиіс.

4.2.3. Серіктестік бірлескен жобалар бойынша үшінші тұлғалармен және серіктестермен олардың тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністері анықталған жағдайда мәмілелерді бұзу құқығын өзіне қалдырады.

4.2.4. Бірлескен жобалар бойынша үшінші тұлғалар мен серіктестерді осы Саясаттың қағидаттары мен талаптары туралы хабардар ету.

4.2.5. Серіктестік бірлескен жобалар бойынша үшінші тұлғалардың және серіктестердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдерді, сондай-ақ мінез-құлық стандарттарын қабылдауын құптайды.

4.3. Мемлекеттік қызметшілерге теңестірілген жұмыскерлер мен тұлғаларға төлемдер

4.3.1. Серіктестік өз бетінше немесе өз жұмыскерлері арқылы жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға

уәкілеттік берілген адамдар, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдар, олардың жақын туыстары үшін Серіктестік үшін коммерциялық артықшылықтар алу мақсатында кез келген шығыстарды, оның ішінде көлікке, тұруға, тамақтануға, ойын-сауыққа, PR-науқандарына және т.б. шығыстарды немесе Серіктестік есебінен олардың басқа пайда алуын төлеуді жүзеге асырмайды.

4.3.2. Серіктестік жұмыскерлері Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметшілермен өзара іс-қимыл жасау кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін дербес жауапты болады.

4.4. Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету

4.4.1. Серіктестік мемлекет өкілдерінің, ұйымдардың немесе өзге де тұлғалардың өз қызметін сақтауға, кеңейтуге немесе оңтайландыруға әсер ететін шешімдер қабылдауына тікелей немесе жанама түрде ықпал ету мақсатында немесе егер мұндай көмек осындай әсер ету әрекеті ретінде объективті түрде қабылдануы мүмкін болса, қайырымдылық, демеушілік және қаржылық көмек көрсетпейді.

Серіктестіктің қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетуге арналған шығыстары туралы ақпарат ашық болуы тиіс.

4.4.2. Серіктестік жұмыскерлерге өз атынан қайырымдылық және / немесе демеушілік көмек көрсетуге тыйым салмайды.

4.5. Серіктестік қызметінің шеңберінде мәмілелер жасау, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүргізу

4.5.1. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жоспарлау және өткізу кезінде Серіктестік тек қана Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын басшылыққа алады.

4.5.2. Сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсайды, әлеуетті өнім берушілерге Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер береді, сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етеді, сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермейді, атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермейді.

4.6. Персоналды басқару

4.6.1. Серіктестік кадрлық шешімдер қабылдау кезінде объективтілік пен адалдық қағидаттарын ұстанады. Жұмыскерді жалдау, бағалау, ілгерілету және жұмыстан шығару кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында, Серіктестік:

- персоналды іріктеу мен жалдаудың ашық рәсімдерін және лауазымға тиісті біліктілік талаптарын белгіленген тәртіппен әзірлейді және бекітеді;

- жұмысқа орналасуға үміткерлерді еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдағанға дейін олардың сенімділігі мен мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады;

- персоналдың қызметін бағалауды жүргізеді;
- жұмыскердің іскерлік қасиеттері мен біліктілігін негізге ала отырып, жоғары тұрған лауазымға жылжыту туралы шешім қабылдайды;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша жұмыскермен еңбек қатынастарын бұзу рәсімін жүзеге асырады.

4.7. Ішкі құжаттардың қаржылық және заңдық сараптамасы

4.7.1. Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарына, оның ішінде бекітуге шығарылатын ішкі нормативтік құжаттардың жобаларына оларда сыбайлас жемқорлықтың (сыбайлас жемқорлық факторларының) туындауы үшін себептер мен жағдайлар жасауға ықпал ететін ережелердің болуы тұрғысынан қаржылық және заңдық сараптама жүргізу және оларды жоюға бағытталған ұсынымдар әзірлеу.

5. Мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу тәртібі

5.1. Серіктестік жұмыскерлері:

- мүдделер қақтығысына байланысты тәуекелдерді іске асырудың алдын алу және оларды реттеу жөнінде шаралар қабылдауға;
- өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде Серіктестіктің мүдделерін басшылыққа алуға және олардың жеке мүдделері Серіктестіктің мүдделеріне қайшы келетін оқиғаларды немесе жағдайларды болдырмауға міндетті. Мүдделер қақтығысы (немесе оның туындау мүмкіндігі) туындаған жағдайда осы ақпаратты тікелей басшының, жетекшілік ететін Серіктестік басшысының және Басқарма төрағасының назарына жазбаша нысанда жеткізу.

5.2. Мүдделер қақтығысын болғызбау немесе реттеу мүдделер қақтығысының тарабы болып табылатын Серіктестік жұмыскерінің лауазымдық немесе қызметтік жағдайын, оны белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін атқарудан шеттетуге дейін өзгертуден және (немесе) мүдделер қақтығысының туындауына себеп болған пайдадан бас тартудан тұруы мүмкін.

6. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттердің жасалғаны туралы хабарлау

6.1. Егер Серіктестікте Серіктестіктің лауазымды адамы немесе жұмыскері жасаған сыбайлас жемқорлық әрекетінің орын алғаны туралы қандай да бір куәлік болса, бұл туралы өзінің тікелей басшысына, жетекшілік ететін Серіктестіктің басшысына және Басқарма төрағасына дереу хабарлау қажет.

6.2. Өзге жұмыскердің, сондай-ақ үшінші тұлғаның сыбайлас жемқорлық әрекетін жасауға көндіру фактілері туындағанда және/немесе жұмыскерді сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға көндіруге қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы ақпараты бар Серіктестік жұмыскерлері өзінің тікелей басшысын, жетекшілік ететін басшысын және Серіктестік Басқармасының төрағасын дереу хабардар етуге міндетті.

7. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын қызметтік тергеп-тексеру

7.1. Серіктестіктегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы барлық хабарламалар бойынша Серіктестіктің тиісті құрылымдық бөлімшелерінің

қатысуымен тексеру не қызметтік тергеу жүргізіледі.

7.2. Егер қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық фактісі анықталса, еңбек қатынастарын бұзуға және материалдарды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға беруге дейін сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік қағидатын негізге ала отырып, түзету шараларын қабылдау тергеп-тексерудің аяқталуы болып есептеледі.

8. Жауапкершілік

8.1. Серіктестік жұмыскерлері осы Саясаттың талаптарын мүлтіксіз орындау үшін жауапты болады. Сондай-ақ қажет болған кезде қолданыстағы заңнама талаптарына байланысты, өзіне тиісті шектеулерді қабылдайды (2-қосымша).

8.2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін тиісті жауапкершілік шаралары қолданылған Серіктестік жұмыскерлері Қазақстан Республикасының заңды күшіне енген сот актісі бойынша Серіктестікке материалдық залалды өтеуден босатылмайды.

8.3. Саясаттың талаптарын бұзу Серіктестік жұмыскерінің мәртебесіне сәйкес келмейтін әрекет ретінде қарастырылуы мүмкін және тәртіптік жаза қолдануға негіз болады.

8.4. Саясаттың талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзғаны үшін көзделген жауапкершілік шараларын қолдануға әкелуі мүмкін.

9. Қорытынды ережелер

9.1. Осы Саясатты қолданысқа енгізу мерзімі Серіктестік Басқармасы бекіткен күн болып есептеледі. Серіктестік жұмыскерлерін осы Саясатпен тиісті құрылымдық бөлімше таныстыруы тиіс (3-қосымша).

9.2. Осы Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда өзгертілуге жатады. Осы Саясатқа өзгерістер мен толықтыруларды Серіктестік Басқармасы бекітеді.

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына 1-қосымша

«City Transportation Systems» ЖШС сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-У Заңының 10-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және қоғамдық қатынастардың оқшауланған салаларындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт «City Transportation Systems» ЖШС жұмыскерлерінің Серіктестікпен еңбек қатынастарында тұрған жұмыскерлердің және өтеулі қызмет көрсету шарты бойынша жұмыс істейтін жұмыскерлермен белгіленген ережелерді мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған іс-әрекеттері мен шешімдерін айқындайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты:

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуге, құқықтық сауаттылықты және сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті арттыруға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

- жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын қалыптастыру;

- сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және орындау:

- Серіктестік қызметінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру және функцияларын іске асыру кезінде қолданылады;

- Серіктестіктің барлық жұмыскерлерінің орындауы үшін міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты тиісінше орындамағаны үшін Серіктестік жұмыскерлері дербес жауапты болады.

Серіктестіктің жұмыскерлері мен лауазымды адамдарының мінез-құлық қағидалары

1. Жұмыскерлер мен лауазымды адамдардың өз қызметіндегі міндеттері:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық әрекеттерін ашуға белсенді қатысу және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының сақталуына дербес жауапты болу;

- адал, әділ, қарапайым болу, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау, сыпайылық пен әдептілік таныту;

- жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын

шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;

- өз іс-әрекеттерімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға себеп бермеу, сын үшін қудалауға жол бермеу, кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту үшін сындарлы сынды пайдалану;

- әріптестерінен жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды қолдау және талап ету;

- заңнамаға сәйкес келмейтін және Серіктестіктің мүдделеріне қайшы біреуге кіріс алуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруға жәрдемдесуге бағытталған іс-әрекеттер жасаудан аулақ болу;

- жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеу;

- басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға көндірмеу;

- заңды және жеке тұлғалардан ақшалай қаражатты, көрсетілетін қызметтерді, сыйлықтарды, тауарларды қоса алғанда, өз функциялары мен лауазымдық міндеттерін орындағаны үшін сыйақы қабылдамау;

- мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу мақсатында таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбау;

- жеке және заңды тұлғаларға ұсынылуы «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңда көзделген ақпараттан бас тартпау;

- шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;

- лауазымдық жағдайды теріс пайдалануға, негізсіз бюрократия көріністеріне, сондай-ақ дәрежелілік пен біржақтылық көріністеріне жол бермеу;

- Серіктестіктің құзыретіне кіретін мәселелермен жүгінген адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу;

- жеке сипаттағы және т.б. мәселелерді шешуде ұйымдардың, Серіктестік жұмыскерлерінің және басқа да тұлғалардың қызметіне ықпал ету үшін лауазымдық жағдайын пайдаланбау;

- заңдылық қағидатын басшылыққа алу, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтау.

2. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және басқа шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

- өз лауазымдық өкілеттіктеріне сәйкес функцияларды жүзеге асыру;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын ашуда белсенділік таныту;

- сыбайлас жемқорлықтың белгілі болған фактілері туралы, сондай-ақ материалдарды жеделдетіп қарағаны немесе әуре-сарсаңға салғаны үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу туралы басшылыққа дереу баяндау;

- әріптестеріне, басшыларына және өзге де лауазымды тұлғаларға сыйлықтар бермеу және мүліктік пайда, игілік не артықшылық алу үшін қызметтік емес қызметтерді көрсетпеу;

- тікелей немесе жетекшілік ететін басшыға мүдделер қақтығысының туындауы, қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі жеке мүдделілігі, сыбайлас жемқорлық мінез-

құлқына көндіру және сыйлықтар алу туралы баяндау;

- жеке және заңды тұлғаларға артықшылық бермеу, лауазымдық міндеттерін орындау кезінде олардың ықпалынан тәуелсіз болу;

- тікелей басшыға немесе жетекшілік ететін басшыға орындау үшін алынған тапсырманың заңдылығына күмән келтіретіні туралы дереу жазбаша нысанда хабарлау;

- тікелей басшыға немесе жетекшілік ететін басшыға жасалған немесе жасалатын сыбайлас жемқорлық әрекеті туралы дереу баяндау;

- бағынысты жұмыскерлердің міндеттері мен өкілеттіктерінің көлемін нақты және дәл анықтау;

- мүдделер қақтығысына жол бермеу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды жою жөнінде шаралар қабылдау;

- егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына қатысса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну;

- бағыныстағы жұмыскерлер арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу;

- олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту;

- қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайды пайдаланбау;

- олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту.

3. Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын дайындау кезінде:

- ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу сатысында азаматтардың заңда белгіленген құқықтары мен бостандықтарын мүлтіксіз ескеру;

- әзірленіп жатқан ішкі нормативтік құжаттардың жобалары нормативтік құқықтық актілерге қайшы келмеуге тиіс;

- ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын дайындау барысында Серіктестіктің және өзге де заңды тұлғалардың заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеу;

- ішкі нормативтік құжаттардың жобалары Серіктестік құзыретінің шегінен шықпауы тиіс;

- басқа құрылымдық бөлімшелердің мүдделерін қозғайтын ішкі нормативтік құжаттардың әзірленген жобалары тиісті құрылымдық бөлімшелермен талқылау және келісу рәсімінен өтуі тиіс;

- ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормаларды пайдаланбау;

- ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу кезінде жекелеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мүдделері үшін нормалардың қабылдануына жол бермеу.

4. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алумен байланысты сатып алуларды жүзеге асыру кезінде лауазымды адамдарға:

- сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;

- әлеуетті өнім берушілерге «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

- сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;

- сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;

- атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу ұсынылады.

5. Серіктестік қызметінің саласында туындайтын өзге қарым-қатынастар кезінде:

- сұрау салуларды қабылдаудан негізсіз бас тартуға, оларды қарау кезінде әуре-сарсаңға салуға және дұрыс емес мәліметтер беру фактілеріне жол бермеу;

- жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерді пайдаланбау;

- дөрекілік, адамның қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік, дұрыс емес мінез-құлық фактілеріне жол бермеу;

- туыстық, жерлестік және жеке адалдық белгілері бойынша кадрларды іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

- нақты орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеу;

- Серіктестік жұмыскерлерімен не тәуелді тұлғалармен ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатыспау;

- Серіктестіктің корпоративтік әдеп қағидаларын сақтау;

- өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы Серіктестік және (немесе) құқық қорғау органдары басшылығының назарына дереу жеткізу;

- Қазақстан Республикасының Заңында тәртіптік, әкімшілік не қылмыстық жауапкершілік және т.б. көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;

- қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін Серіктестік жұмыскерлерін тартуға жол бермеу;

- азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпшен және мерзімдерде олардың өтініштерін қарау және олар бойынша қажетті шаралар қабылдау;

- Серіктестік басшыларының тапсырмаларын, лауазымды адамдарының лауазымдық шегінде шығарылған бұйрықтары мен өкімдерін орындау, Серіктестік жұмыскерлерінің жеке өміріне, ар-намысы мен қадір-қасиетіне қатысты мәліметтерді жария етпеу;

- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді сақтау.

Серіктестік жұмыскерлерінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың сақталуын бақылау Серіктестіктің тиісті құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына

жүктеледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл саясатына 2-қосымша

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісім

Мен (тегі, аты, әкесінің аты),

_____ ,
_____ (лауазымын көрсету)

ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, «City Transportation Systems» ЖШС-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының талаптарын сақтау, менің өкілеттіктерімді жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануға әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттер жасауға жол бермеу мақсатында:

1) өз функцияларымды орындаумен үйлеспейтін қызметті жүзеге асыру;

2) лауазымды адамдардың жақын туыстарымен (ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері), жұбайларымен және жекжаттарымен (жұбайының (зайыбының) бауырлары, апа-сіңлілері, ата-аналары мен балалары) бір бөлімшеде болатын лауазымда немесе егер бөлімшелер әртүрлі болса, лауазым функционалды түрде (бизнес-процестер бойынша) олардың жақын туыстары атқаратын лауазымдармен байланысты болатын лауазымда қызмет атқару;

3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын ақпаратты пайдалану;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымдық өкілеттіктерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдау бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаймын.

Толтырылған және қол қойылған нысан-растау Серіктестікте лауазымдық міндеттерін атқарған күннен бастап Серіктестіктің лауазымды адамының жеке ісінде сақталады.

қолы, Т.А.Ә., лауазымы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл саясатына 3-қосымша

Растау

(Туісті ұяшықтарды белгілеңіз)

• Мен «City Transportation Systems» ЖШС-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын оқып-танысқанымды растаймын;

• Мен ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында, «City Transportation Systems» ЖШС-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында белгіленген талаптарды қатаң сақтауға міндеттенемін;

• Мен ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, «City Transportation Systems» ЖШС-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын бұзған жағдайда ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапқа тартылуым, оның ішінде атқаратын лауазымнан босатылуым мүмкін екенімен хабардар етілдім.

Толтырылған және қол қойылған нысан-растау Серіктестікте еңбек және/немесе лауазымдық міндеттерін орындау сәтінен бастап Серіктестік жұмыскерінің жеке ісінде сақталады.

қолы, Т.А.Ә., лауазымы